

ҮРГЕН ҚАРЫН

Күнсiздерге Күн болған,
Жер жүзiнде Нұр болған,
Ақылдың кенi Даньшпан!
Соры қалың Тiлiм деп,
Мың сан жаумен алысқан,
Алпамыс пен Қобыланды,
Хазiретi Ғалидан
Асып туған Арыстан!
Өлең, дастан, ұраны
Дабылдаған ғарыштан,
Адамзаттың Алыбы,
Бар қазақтың Жалғызы –
Асылы сенсiң, Шаханов!!!

«Тiл жанашырлары» қауымдастығының
гимнi.

Адамзаттың Алыбы

Еуропада баяғы Мұңхаузеннiң қияли хикаялары жақсы мағлұм. Жиханкез барон астындағы тұлпарымен қоса батпаққа түскен кезiнде өзi өзi шашынан тартып, ат-матымен құрғаққа шығады; мылтығының бытырасы таусылғанда, шиенiң сүйегiмен оқтап, бұғының маңдайына жемiс ағашын өсiредi; әлденеше үйректi қатарынан, арқандай атып, көкке ұшып, саяхат жасайды... Тағы қаншама қисынсыз, бiрақ тартымды әңгiме. Оқыған, естiген жұрт мәз болған. Ешкiмге зиянсыз, бейкүнә хикаялар. Бала кезiмiзде қамтыған алғашқы кiтаптардың бiрi, бiз де алыстағы бұрынғы-соңғы жұртпен қоса тамашалап едiк.

Әйтсе де, өзiмiздiң Тазша баланың «Қырық өтiрiгi» әлдеқайда қызғылықты көрiнген. Кең сақарада еркiн өскен қазақтың қиялы шексiз бай. Тазшаның әрбiр бабы күлкiлi ғана емес, әсерлi, мейлiнше тапқыр. Мiне, сол қырық өтiрiктiң бiрi:

«Керегенiң басында үрген қарын,
Көтердiм балуандықпен соның бәрiн,

Түйеге төстеп барып қойғанымда,
Мертікті көтере алмай, қара нарым...»

Бұрнағы аңқау қазақ, оқымаған, саясаттан бейхабар, жабайы қазақ киноадан қиысқан осыншама өтірікке ішегін тарта қайран қалған. Жадырап күлген. Бүгінгі оқыған, білімдер, саясатқа жетік, дана қазақ та демі бітіп, тұншыға таңырқайды. Өтірікке емес, шынға, – жойпар күшті атан түйе көтере алмайтын үрген қарынды деңгелек айналдырған бүгінгі заманның шашты баласы – баяғы Тазшадан озған, Сексен өтірікті Суайтқа. Оның бар ертегісі – өтірік емес, шын екен. Жер шарын қалай төңкеріп кетпей тұр деп қайран қаласыз. Біздің Шахаң. М.Шаханов. Мінекиіңіз. Мінекиіңіз емес, әнекиіңіз. Біз тізбелеп берген, бастан-аяқ нақты, өз сөзінен құралған «Ғажайып ғұмырбаянның» кез келген үзігіне түсіңіз. Біз топтамай-ақ, әуел бастан жұртшылыққа кеңінен мағлұм еді. Әуелде өзі айтқан, баспасөзде, электронды ақпарат бетінде жапырлай шыққан, содан соң жалпы жұрт риясыз қабылдап, қалтқысыз сенген және жиырма жыл, соңғы ширек ғасыр бойы құран сөзіндей қайталап келеді. Осыншама Алып Тұлғасы бар қазақ қандай бақытты! Баяғы, «Колбині бар қазақ – ақжолтай екен» – дейтін «Адамзаттың Айтматовы» далада қалды. Ұлы ақын, тарихта теңдесі жоқ Қайраткер! Аз-маз күмән келтіріп көріңіз – жапырлай ұмтылып, тескентаудан өткізіп жібереді. Басыңнан бақайыңа дейін былғанғаны ештеңе емес, жан кеудеде, аман кеткеніңе шүкіршілік айтады екенсің. Дәурен Қуат сияқты былапыт бас редактор, алпауыт жандайшаптары осымен тоқтаса. Және мың сан жанкүйері. Тоқтамайды. Өйткені, біздің Шахаң – жер әлемдегі ең «шыншыл адам Мұңхаузеннің» өзінен өткен адал, турашыл, һәм ақиқат жолынан айнымас, Алып Тұлға. Қандай да күмән тууға мүмкін емес. Не айтса да халқына құба-құп. Сондықтан не істесе де қабыл алуға міндеттісіз.

Міне, біздің Шахаңның жалпы жұрт, бар қазақ, бүткіл әлем мойындап, маңдайына жазған атақ-дәрежелері:

«Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем Ақыны.»

«Түркі әлемі Зиялылар одағының» төрағасы.»

«Нобель сыйлығының Алтын медалінің» лауреаты.»

«Әлемнің бір жүз жиырма елінің атаулы марапаттарының иегері.»

Мұндай ұйым да, сыйлық та, атақ та жоқ, жоқ мәртебені кім берген, қалай алған деп сыздықтап көріңіз – шыншылға жақтас мың сан жұрт қолма-қол көк есекке теріс мінгізбек, сондықтан ешкім де батылы барып, ауыз аша алмайды.

Шахаңның қазақ халқы алдындағы жанкешті, алапат ерліктері шиге тізіліп тағы тұр:

«Арал теңізінің құрып кетуіне жол бермеген.

Наурыз тойын қатарға қосқан.

Қазақ тіліне Мемлекеттік мәртебе әперген.

Ана тілімізді біржола жойылып кету апатынан сақтап қалған.

Қазақ ұлтын жоққа айналдыратын «Қазақстандық ұлт» дейтін аждаһа қағидадан арашалап қалған.

Қазақтың жері сатылғалы жатқанда кеудесімен тіреп тоқтатқан.

Шығармаларының таралымы Абай мен Әуезовтен де озып, әлемнің сексен тіліне аударылған.

Өлең-жырларын Жапонияда – жапон, Германияда – неміс, Францияда – француз, Испанияда – испан, Россияда – орыс жастары әр жерде жиналып, хорға қосып, жатқа айтып тұрады.

Шығармаларын ЮНЕСКО арнайы талқылап, тоқсан тілге аудару туралы қаулы шығарған, әлемдегі жалғыз ақын.

Шаханов туралы жер жүзінің ондаған тілінде мыңдаған зерттеу еңбектер жазылған, оның ішінде тек Германияда ғана, Шаханов пен оның қосшысы болып, соңынан сүмендеп жүрген Айтматов өз көзімен көрген, төрт жүзден астам мақала бар екен...»

Кішіпейіл, қарапайым ұлы адам әлемдегі бар атақты жалғыз өзі ала бере ме, ынсап сақтап, беріп тұрған жерінен алмай қойған жағдайлары да көп:

«Қазақстанның Халық Қаһарманы атағынан бас тартқан.

Әдебиет саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ризашылық бермеген.

Миллиардер болуға мүмкіндігі жетіп тұрса да, арам байлықтың қажеті жоқ деп, завод, фабрика, жер телімдерінен безініп, өзінің азаматтық арын таза сақтаған.»

Шахаң қаншама сыпайы болса да, алғысы келген бір атағы бар екен. Нобель сыйлығы. Ала қалса, қазақтың даңқы көтерілмек. Бар тетігі кеңінен талқыланып, атаулы қаулы шыққан, енді жалпыға жария кезеңінде тұрған Нобель сыйлығы аяқ астынан бұйырмай қалыпты. Кінәлі – біздің қазақ ішіндегі көре алмастар. Шахановтың Нобель лауреаттығы туралы мәселе оңымен шешіліп қойғанын әлдебір құпия каналдар арқылы біліп қалған халық жаулары қатарынан сексен газетте жалалы мақалалар ұйымдастырып, дайын қаулыны бұздырады. Манадан бергі – қаһармандық, лауреаттық, үздік ақын, төрағалық, шет елдік бір жүз жиырма марапат – бәрі де күмәнді дегендей, теріс рай танытып отырмыз ғой, дәп осы ретте, Шахаңның өз жолымен шындықты шырқыратып айтпасқа, өткен қателікті қылша мойнымен көтеріп алмасқа амал қалмады. Иә. Шахаңның Нобель сыйлығы шешіліп қойған болатын, қырсыққанда, осы мезетте Мұхтар Мағауин майданға кіреді. Сексен газеттегі тоқсан терістеме өз алдына, енді, уақыт өтіп кеткен соң өкінішпен мойындауға тура келеді, осы Мағауин, яғни мына Мен, тікелей, тұпа-тура Швед Академиясының ғұзырлы мүшелерімен жеке-жеке хабарласып, бітіп тұрған игілікті шаруаны жоққа айналдырған едім. Өттегене, оңалмас қателік болды. Қатеміз – даңқты адасымның адал сыйлықтан қағылуы емес, бәрі қолда тұрғанда Өзім ала салуым керек екен!..

Міне, дәп солай. Шахаңның берідегі Қаһарман мен Мемлекеттік тұрыпты, арыдағы Нобеліне сенген жұрт мына маған да сенуге тиіс. Әйтпесе, тепе-теңдікке көлеңке түседі, Шахаң сияқты біздің де шыншылдығымызға күмән туады.

Сексен өтірікті Суайт

Сыпайылап отырмыз. Алыпты риясыз қадір тұтқан халқымыздың көңіліне қарап. Әйтпесе, ақыр түбі ұлтқа қарсы қылмысқа барып тірелетін тағы қаншама атау тұр.

Біздің бұл реткі Сексеннің баяғы Мұңхаузеннің балдырағы мен Тазшаның қырық қайырымынан түбегейлі, сапалық артықшылығы бар. Мазмұн мен сан ғана емес. Шынайы, күмәнсіз болмыс-бітімі. Нақтылап айтсақ, берісі Қазақстан, арысы – Қытай, бәлкім, тағы бір алыс шет елдегі, қалай санасаңыз да жер басқан пәленбай миллион қазақ атаулының берік сенімі. Шахаңның шындығына бас ұра табыну. Олай емес деп көріңіз. Мана айттық, жаныңызбен қайғы болып кетесіз. Мәселен, алысқа ұзамай-ақ, өзімізді айтайық. Айтпаймыз. Әңгіме аяғы созылып, қара жер көлемінен шығып кетуі мүмкін. Ақталып жатыр деп ойлайсыз. Шын мәнісінде, ақталу мүмкін де емес. «Шахановпен тайталасып, бақ санасатын бұл Мағауин деген кім сонша!» – деп жазды шекараның арғы беті, Қытайдағы қазақ. Және кім екенімізді нақты танытып берді. «Мағауинді он орап алатын ондаған қазақ бар біздің өзімізде...» Қатты қуандым. Шыңжанда Мағауинді он орап алатын жиырма-отыз жазушы болса, бұл – ұлтымыздың ерекше бақыты емес пе. Өзімізге үйреншікті орыс өлшемімен алсақ, он Толстой, он Тургенев, жиырма шақты Бунин мен Набоков. Бүткіл әлемнің алдында тұр екенбіз. Бүгінгі бардың ең жаманы – Мағауин. Әрине, тым жаман емес, басқа Алыптармен салыстыра қарағанда. Бұған ризасың. Әлгі ондаған кереметпен теңеспей, тіркесіп, жанасалап жүрсек те ұпайымыз түгел. Алайда, бұдан соңғы лепеске ойланып қалдық. «Шаханов сияқты ұлы тұлғалар мың жылда бір-ақ рет туады!» Бұрнағы ұлылардың өлшемі – елу жыл, жүз жыл болатын. Енді міне, мың жыл! Бұл – арыдағы ғана емес, берідегі қазақтың да кәміл сенімі. Осы кеше ғана «ДҚу-кз» деген сайттан оқыдым. Иә, тоқсан тоғыз, немесе тоғыз жүз бірдене емес, тұпа-тура мың жыл. Енді айтар сөз де жоқ. «Керегенің басында үрген қарын» – біз ойлағандай небәрі отыз-қырық грамм емес, отыз-қырық тонна. Ескіше айтқанда, неше жүз батпан, неше мың пұт. Баяғы Балуан-Шолақ «Көтердім елу бір пұт кірдің тасын!» – деп мақтанып еді ғой. Бар қазақ таң қалған. Енді міне. Мың пұт. Мың батпан. Әлденеше жүз тонна... Соның бәрін көтерген Шаханды әлемдік рекордсмен, Адамзаттың Алыбы емес деп кім айтар. Болашағын ойламаған, ақыл-есі ауыс біреу болмаса...

Иә. Біздің Шахаңның Сексен өтірігі түгелдей шындыққа айналды. Тазша баланың Қырық өтірігі топырақ қауып, далада қалыпты. Бұрын да ешкім сенбеген, қазір де ешкім сенбейді. Небәрі қуақы әзіл. Ал Шашты Суайттың Сексен қайырымы – күмәнсіз, айна-қатесіз ақиқат. Әлемдегі ең Шыншыл, әрі Алып Адамның нақты істері мен бастан кешкені. Қайран қала тұрып, біз де мойындадық. Болғанына, анығына емес, біздің бүгінгі бар қазақтың осы қисынсыз өтірікке қалтқысыз сенгеніне. Осы кезде тентек... емес, бұралқы бір әзіл ойымызға келгені. Қолма-қол қағазға

түсіріп, жариялап жібердік. Шахаңа қатысты, Сексенге жалғас, түпсіз өтіріктердің бастауы ретінде. Мінекиіңіз. Сексен бірінші және сексен екінші қайырымдар.

Мына біз жетпіс, әлде жетпіс бес жылдығымызда, Испания королі Хуан Карлостың ғұзырынан арнайы дайындалған шақырту марапаты қашан жетеді деп күтуге тағат таппай, бала-шағамызбен тұтастай көтеріліп, Барселонаға барамыз ғой. Аанада ғана біздің Шахаң Орталық стадионда корридоға қатысып, бесті бұқаны алып жыққан жер. Хош. Осы, Шахаң із салып, даңққа бөленген, баяғы, Американы ашқан Колумбтың желкенін оңдап берген ежелгі қала, ескілікті қамалдар тұрған тарихи алаңда, сері-сылқым испан жастары, әлде каталан, әлде испан, бәлкім, баяғы мавритан тілінде біздің Шахаңның өлеңдерін әнге қосып, хормен айтып тұр екен... О, тоба! Осы сайқымазақ өтірікті оқыған шахановшылардың қуанышында шек болсайшы. Міне, біздің Алыптың атақ-даңқы анау Испанияның өзінде дабылдап тұр деп. Шахаңның туған халқы қабылдаған Сексен бірінші шындық деп қойыңыз. Өзіңе өзің қалай риза болмассың.

Бірақ азартқа берілген біз тоқтай алмадық. Испания дегеніңіз не. Қол созым жерде тұр. Енді Мұхиттан өтеміз – Америка Құрама Штаттары. Шахаңның атақ-даңқы мұнда тіпті дүрілдеп жатыр екен. Оны да өз көзімізбен көріппіз. Ләббай.

Біз тура тоғыз жыл тұрған Еуропадан жеріп, 2015 санатында осы тарапқа қоныс аудардық қой. Табанымыз Америка топырағына тиер-тиместе, біздің ерекше жағдайымыздан хабардар президент Обама, өзінің арнайы қабылдауына шақырған еді. Америка президенті атап шақырған соң, бас тарта алмайсың. Ақ Үйге келсем, тап осы жер, мәртебелі Ғимарат алдында әміркен жастары – ақ, сары, қара, құбақан, қара-ала, торы-ала қаншама жан біздің Шахановтың өлең-жырларын өздерінің әміркен, яғни кәдімгі ағылшын тілдерінде, кейде әлдебір әнге қосып, кейде тікелей тақпақтап, жабыла жырлап тұр екен... Сексен екінші шындық. Әрине, біздің шахановшылар, бұған да сенді. Жай ғана сенген жоқ, қосымша түсініктеме беріпті: «Мағауин іші күйіп, көре алмай отыр...» «Ішін қызғаныш тырнап барады...» «Мағауин... М.Шаханов өлеңдерін шетел жұртшылығының жатқа оқитынына сенгісі келмейді.» «Ал, сіз, Мұха, аттасыңызға шетел халқы құрметін де қиғыңыз келмейді екен...» Мұнысы артықтау болды. Көре алмасам, ішім күйсе, сыртқа шығармас едім, яғни, айтпай қояр едім. Мені тілімнен кім тартыпты. Осындай әділетсіздік бола ма. Өкпелейсің, ашуланасың. Бірақ бұларға сөз өтпейді. Амал жоқ, жуасуға тура келеді.

Жә... Біраз ойнадық. От шықпады. Б.қ шықты. Бәрібір жұпар иісі біздің «Тіл жанашырлары» мен «Ұлт патриоттарының» түйсігіне жетпейді. Мына өзіміз ғана қарық болып отырмыз. Енді тоқтайық. Басқалар қайда, мына өзіміз уланып қалуымыз ғажап емес.

Тіл жанашыры

Енді артқа қарап тұрсам, осы «Мысық пен тышқан» ойынынан өзім де жалыға бастаппын. Кейбіреуге «Арыстанмен ойын» көрінеді екен. Яғни, жеке басым үшін қатер. Әрине, қорқам. Бірақ дүр сілкінген арыстаннан емес. Қажет болса, айдахарға айналамыз. Тым ұсақтап кеттім, өзім былғанам ба деп. Және әуелгі қызығым басылып қалды. Ары домалаттың, бері домалаттың – не шықты. Осыншама бықсықтың қажеті жоқ екен. Мен қолында тұрып жатқан әдебиетші балам әуел басында айтқан. Сенің көңіл аударуыңа татымайды, уақытыңды босқа шығындадың, деп. Келісу қиын еді. Адамзаттың Алыбы, Әлем табынған Ұлы Ақын қандай мадаққа да лайық. Ал уақыт... Айналасы оншақты күннен ұтылғаным рас. Бірақ бұл – жазу емес, демалыс еді. Әрқилы шытырман арасындағы көңілді тыным. Яғни, сол беті, атаусыз қалдырсаң да өкініші жоқ. Бірақ мен қалдыра алмадым. Өйткені, маған күлкі көрінгенмен, біздің аңқау-адал жұртымыз үшін... мейлінше зиянды, зәр-зардапты құбылыс болатын. Бұрнада, әлдебір сөзімде: «М.Шаханов – қазақ руханиятының өрісіндегі раковая опухоль – мерезді жара!» – деп айтыппын. Таратып талдасақ, Сексен өтірігі емес. Осы кенеусіз хикаялардың астарында атқарылып жатқан шын шаруалар. Өзінің өресіз өлеңдерімен жалпы жұрттың талғамын бұзу – әншейін нәрсе; түптеп келгенде, Абайға, Әуезовке, Мұқағалиға көлеңке түсірмек жалалы, балдыр-батпақ сөздері де түк емес. Әркімдер қолпаштап, мадақтап жатқанымен, Шахановты әлемнен озған ұлы ақын деп жариялаумен дүние өзгермейді. Шаласауат өлеңші, шалағай жазарман ұшпаққа шығып кетпейді, өзі дүниеге келтірген «Ырбибай мен Жырбикүлге» мазақ болуы – ертеңгі күн үлесінде. Бар кілтипан, бар пәлекет – осы «мың жылдық ұлы ақынның» жалған, жасанды беделінің нәтижесінде қоғамдық өмірге кесел келтіріп жатқан келеңсіз істер. Соның ішінде, жарияға шығып, жалпы жұрт құлай мақұлдаған «Қазақ тілін қорғау» ұрандары. Мен осыдан неше жыл бұрын ағымдағы баспасөз, теледидар, электронды ақпарат бетіне шыққан бір сұхбаттарымда: «Арамдар бастап, ақымақтар мен аңқаулар қостаған, түптеп келгенде, қазақ халқының өмірлік мүддесіне қарсы, реакциялық қозғалыс» деп айғақтағам.

Міне қараңыз. Кемі жүз қырық, жүз елу «ұлт қайраткері» қол қойған петиция жарияланады. Республика президентінің атына, сонымен қатар, премьер-министр, парламент ғұзырына. Ойбай, тіліміз құрып бара жатыр, айту керек, бүйту керек... Не шықты? Баяғы жартас. Тіпті, Абайдың кезіндегі жаңғырығы да жоқ. Шаханов бастаған «Тіл жанашырлары» сонымен қоя қойса жөн ғой. Қоймайды. Екінші мәрте, бесінші, оныншы рет. Ештеңе өзгерген жоқ. Енді екі тарам байып туады. Бірінші – қазақ тілінің ахуалы мейлінше ауыр екен, біржола құрып біту алдында тұр. Екінші – осыншама қиын жағдайда ана тілі мәселесін көтерген азаматтар қандай керемет! Елдің қамқоры, ұлттың тұлғасы. Әрине, ең үлкен Қамқор, ең ұлы Тұлға – осы құр айқай ұранының басында жүрген М.Шаханов болып шығады. Шахаңның онсыз да аспандап тұрған атақ-даңқы енді ғарышқа жетеді. Әрбір осындай жолдама шыққан сайын

баспасөз бетінде, әлдебір азусыз жиында, ең бастысы – әр отбасының тұйық кухнясында қаншама, әуелде сүйінішті, таңырқаулы, содан соң ызалы, ақыры күбір-сыбырға ұласқан әңгіме-кеңес өтеді. Иә. Алыптарыңыз бастап, жалпы жұртыңыз қостап, қаншама дабыра көтерілді. Алайда, айттық, өзгерген ештеңе жоқ. Біздің тұрғыдан қарағанда. Шындығында, барлық жұрттың назары басқа жаққа аударылған, жаппай жапырлаған екі-үш күн, асса төрт-бес күн орайында Қазақ елінің болашақ тағдырына тікелей қатысты, жай ғана қатысты емес, құрдымға қарай тартатын үлкен өзгерістер жүзеге асып, бекіп, қағазданып кетті. Сіз тіліңіз салақтап, абалақтап жүрген екі-үш тәулік ішінде Қазақстан Кеден одағына қосылып тынды. Келесі кезекте – Еуразиялық одақ. Тағы бірде біз білмеген, сезбеген тағы бір сұмдықтар. Тым құрғанда, тарыққан, тынысы тарылған жалпы жұртты алдарқату. Кездейсоқ жағдай емес. Бәрі де алдын-ала ойластырылған арнайы операция. «Тіл жанашырларына» ойбай-аттан көтеріңдер деген нұсқау берілді. Жүз қырық тоғыз қайраткердің бас-басына емес. Бес-алтауына. Бес-алтау болмаса, жалғыз Шахановтың өзі жетіп жатыр. Әрине, кейде іс біткен соң, ертеңіне, бүрсігүні, келер аптада, ойбай, біз қарсымыз деп үн көтерген жағдаяттар бар. Яғни, Тіл ұраншылары тағы да биіктен көрінді. Енді ешкім де манағы жүз қырық тоғызды кінәламайды. Керісінше, сол арандату ұранын көтерген ұлы ақын, ұлт батырының атақ-абыройы көтеріле түспек. Қазақтың тілін қорғап жүр, әрі өкіметке қарсы күрескер. Біздің жұрттың саяси, әлеуметтік таным-өрісінің деңгейі осындай. Кезінде бұл туралы да айтқанбыз, жазғанбыз. «Тіл ұраны» – құр айқай емес, өкімет пен партия ұйымдастырған сатқындық саясаттың бір тармағы ғана деп. Нешінші мәрте қайталайық: қазаққа қарсы қылмыстық шараларды көлденең айқай астында өткізіп жіберу амалы ғана деп. Кім ұғыпты, кім тыңдапты. Абай атам айтқандай, «қайран ел осыменен жүр далақтап». (Тағы да жазғанбыз. Қазақ тілінің жағдайы өте жақсы деп. Егер президентің, үкіметің, парламентің біздің тілімізде сөйлемесе, бүгінгі өкімет – қазаққа жат болғаны, бұдан ана тіліңнің нәрі кеміп кетпейді, үлкен әдебиеті бар, қаншама баспасөзі бар, ең бастысы – неше миллион халқы бар, яғни бүгінгі анти-қазақ өкімет кешегі советтер билігі сияқты тырапай асқан кезде, бәрі де табиғи қалпына түседі, деп.)

Шыншыл, әрі адал жалақорлық

«Ұлттың ұлы тұлғасы» Шаханов туралы әңгіменің түбіне жету қиын. Қиын емес, абыройсыз іс. Әулиенің шалғайына жармасқан есепті. Біз бұл жағынан именіп отырғамыз жоқ. Онсыз да өкшеміз былғанды, енді біржола құрдымға батпайық дейміз. Соңғы бірер жылда, баспасөзде, арнайы сұхбатта «Шаханов КГБ-ның агенті болған» дейтін әңгіме көтерілді. Әрине, ешкімнің қолында түпнұсқа құжат жоқ, бәрі де теріске сайды. Біз де нақтылай алмаймыз. Әйткенмен, Шаханов есіміне қатысты таң қаларлық, төтенше жағдаяттар көп. Мәселен, анау бір заман, совет тұсында, қазақтағы қаншама алпауыт ақыннан асып түсіп, Бүкілодақтық

комсомол сыйлығына жетуі. Оны аз десеңіз, Империя астанасы Мәскеуде дүбірлі шығармашылық кеш өткізуі. Орысша екі ауыз сөздің басын құрай алмайтын бүгежек жағдайына қарамастан, өзіне жан теңгермес Евтушенкомен жалғастығы, беріде атағы зор Олжастың сайлауға екі қайтара түсіп, қолы әрең жеткен зор мәртебе – ССРО Жоғарғы советінің депутаты болып оп-оңай сайлануы... Кем дегенде үкімет пен партияның айрықша қамқорлығының нәтижесі демеске болмайды. Бұл ерекше талай, озғын тағдырдың астары мен қойнауы уақыты келгенде ашылар, ашылмас, біз көзбен көріп, нақты түйсінген, жалпы жұртқа белгілі жағдаяттарды ғана шетке шығардық.

Енді осы орайдағы ең соңғы хикая. Серікжан Біләш оқиғасы. Шахаң бастаған он жеті қайраткердің ресми хаты. Шахаң бастаған деп отырмыз. Болды, бітті. Қалған жұртыңыз отқа айдаса да да, суға салса да риза, қуанышпен келіседі. Бұл жолғы, Тіл ұранынан тысқары жолдаманың сүрені бөлек. Көзсіз батыр Шахаңның соғын ала, сабындап жуылмаған майлы, майсыз бармақтарын басқан он алты Сабаздың осалы жоқ. Әрқайсы да қой бастар серке. Әрине, ең басты Теке, кешіріңіз, Тұлға – Шаханов. Ұлттың ұлы Батырымен бірге жардан құлаған жанның арманы не. Және әдепкі хат емес, тарихта қалатын ерекше мәлімдеме. Нақтылап айтсақ... донос. Қазақтың бай тілінде бұл сөз жоқ, өйткені, әлдебір кісіні жазба түрде сырттан қаралап, ауыр жаза талап ету, немесе көзін біржола құрту ұғымы да қазақ ескілігінде болмаған. Біздің жұртта Совет заманы, 20-жылдардан бастап, 1937-38 жылдарда айрықша өріс тапқан сұмдық. Бұл арада Қытайдағы қазақ қауымының азаматтық құқығын қорғаушы Серікжан Біләштің кім екенін, әлеуметтік қызметінің мән-мағнасын атап жазудың қажеті жоқ. Орта сауатты жұрттың өзіне түсінікті жағдай. Кез келген өкімет, қоғамдық ұйымдар сырт ел, әлдебір жұрттағы адам құқығын қорғап, мәлімдеме жасап жатады. Мәселен, осыдан екі-үш жыл бұрын, Мьянма еліндегі рохинджа мұсылмандарының ауыр жағдайы туралы. Бұл, бүкіл дүние жүзілік науқанға Қазақстан өкіметі де үн қосты. Жөн-ақ. Алайда, өз қандасымыз, Қытайдағы қазақтың қысталаң жағдайы төңірегінде мәселе көтеруге болмайды екен. Бұл тараптағы сөзімізді созбайық, тек егемен саналатын мемлекетіміз бетімен жіберген істі Серікжан Біләштің қолға алғанын ғана еске саламыз. Біздің, Орыс пен Қытайдың райын бағып, қалтырап отырған, өз ұлтына жау, сатымсақ билік тұрғысынан қарағанда, нағыз басбұзарлық екен. Алайда, дәл осылай деп санағанның өзінде... «ұлт қайраткері, тіл жанашыры» азаматтарымыздың соншама жалақор, былғаныш іске үлес қосуы, нақтылап айтқанда, үлес емес, бастама жасауының қаншалық қисыны бар еді? Бар екен. Өйткені, арандатушы топты бұл жолы да Адамзаттың алыбы Шаханов бастап отыр. Баяғы компартияның дана басшылығы сияқты тұпа-тура батпаққа бастар сара жол. Міне, шахановшылардың әйгілі мәлімдемесінің іріктеп терілген түйінді тұсы:

«Еліміздің тыныштығын бүлдіріп, Қытайдағы қандастарымыздың жолын жабуды көздеп отырған арнайы күштер бар... Сондай қоғамдық ұйымның бірі – «Атажұрт еріктілері.» Ал мұндай дау-дамайдың

мемлекетіміз жүргізіп отырған көші-қон саясатына кері әсер етуі күмәнсіз!»

Уа, пәлі. Қытайдағы қазақ мүддесін қорғаған «Ата жұрт еріктілері», оның жетекшісі Серікжан Біләш – мүлде керісінше, арғы қазаққа зиянды, бергі қазаққа қайшы әрекет жасап отыр екен. Сондықтан да:

«Бұл мәселемен құзырлы орындар айналысып, елімізде әрекет етіп отырған жат ниетті топтарға тосқауыл қоюға тиіс.»

О керемет! Басқада шаруамыз жоқ, Ата қазаққа жұт болып келген 1929, 1937 жылдардың қайта көтерілген, өміршең елесі! Яғни, мұндай халық жауларын КГБ, кешіріңіз, бұрнағы КГБ емес, өзіміздің туысқан КНБ, полиция департаменті және сот пен прокуратура тікелей «қамқорлыққа» алуы шарт!

Ақыры, дәп солай болып шықты. Шахаңның, және оның соңынан ерген тағы он алты қайраткердің, ескіше айтқанда «көрсетуі» – тікелей донос – былғаныш, жалақор шағымы бойынша, аталмыш «ғұзырлы орындар» белсене айналысып, нақты іске кірісті. Міне, төрт айдан асыпты, Серікжан Біләш «үй қамағы» деген пердемен, кәдімгі, қатал тергеу астында отыр. Ақыры не болады – бұл өз алдындағы мәселе. Ең кереметі – советтік жалақор науқанның қайта тірілуі. Яғни, күнделікті өмірде қайталануы ықтимал, тіпті, заңды түрде қатарға қосылуы мүмкін, жиіркенішті ахуал.

Осы, Шахаң бастаған он жеті қырағының төтенше мәлімдемесі көп жұртқа тым тосын емес, ақылға сыймас жағдаят болып көрінді. Тағы да: «Ұлы ақынымыздың мұнысы қарай... Жоқ, мүмкін емес... Ол емес... Әлдекімдер алдап түсірген...» Ең қатқыл коммент – «Ұлы ақынымыз қартайып, алжи бастаған сияқты...» Тіксініп шошынбаған, таң қалмай, табиғи кейпінде қабылдаған жалғыз біз ғана шығармыз – Қытай қазақтарының тілімен айтқанда, Шахаңның он орамына келмейтін, әлгі, Мағауин деген біреу. Білгір ақылман, сәуегей тумысымыздан емес. Бұдан он бес-он жеті жыл бұрын бастан өткерген, әдепкі жағдаят болғандықтан. Біздің үстімізден де дәп осындай донос түскен. Он жеті «қайраткер» емес, жиырма алты «комиссар», он бес академик, тағы қаншама «тіл жанашыры», ұлт қамқоры, ақын, әнші, сазгер, тарихшы, еңбек ардагері... – жиын саны әлде бірер жүз, әлде бірнеше жүз, пәленбай ғарызнама жазылыпты. Таққан айыбы тым әріден басталады. Ауыр ғана емес, адам шошырлық. Баяғы «жапон шпионы» далада қалды. Нақтылап айтқанда, Мұхтар Мағауин Шыңғыс ханды көтермелеу арқылы, мемлекеттік төңкеріс жасап, бүгінгі егемен, заңды өкіметіміз, «бізге осы тәуелсіздікті өз қолымен алып берген» легитимді президентімізді орнынан тайдырып, жаңа бір саяси-әлеуметтік құрылым... жоқ, күні өткен Халифат емес, Хандық өкімет орнатпақ екен, осыған орай, билік басына баяғы Шыңғыс хан ұрпақтарының бірін отырғызбақ!.. Күлесіз. Мен де күлдім. Алайда... сөз зардабы тиіп жатқан бүгінгі төрелер әулетінің зәре-құты қалай ұшқанын көрсеңіз. Шыңғыс ханды ақтамасын, мені қорғамасын, өздеріне жабылған қияли, қисынсыз жалаға орай баспасөз бетінде қарсылық білдіру, жойдасыз жалақорды заңға тарту тұрыпты, бір ауыз қарымта уәж

келтіруге жарамады. Сонда, ыза болмасам да, бүгінгі рулы ел – аталы жұрттан түңіліп, айтқаным бар: «Жайдақ жауырға мінген шаласауат Шаханов, шолақ қамшымен бүткіл төрелер әулетін тышқанның ініне қуып тықты!» – деп. Ал бізді ешкім де имендіре алмайтын еді. Әлекем дем берген, Ахаң рух салып, Жақаң ту ұстап, Сұлтанмахмұт пен Мағжан ұран көтерген заманда ғұмыр кешкен әкелерім мен ағаларым бұдан зорғы құқайдан ықпаған. Ақыры бәрі де қазаға ұшырады. Ал менің басым домаланып, сүйегім қурап қалмауға тиіс. Ірілігімнен емес, заманның басқаша кебінен. Ақыры, төңірегімнен түгел түңіліп, ұлттық ұран жаршысы болған «Жұлдыз» журналын құдайға тапсырып, туған топырақтан алыстап, жұрт астым. Ұлы қаған Шыңғыс бабамды әйгілеу, қазақ тарихын қалпына келтіру тарабындағы ауыр, әрі абыройлы жұмысымыз одан әрі жалғаса берді.

Ендігі кезек елден кеткен емес, елге келген Серікжан бауырыма жетіпті. Бұл тараптағы лепесіміз осымен бітпес, тек Шахаңның қырағы жандайшаптығына қатысты еріксіз сыз берді. Өткенді қайта көтеріп, кезінде айтылмай қалған іркіс-тіркіс біраз кепті қатарға қосуға мәжбүр болыппыз.

Байламсыз түйін

Біз қанша заман бойы қайран қалып келдік және әлденеше мәрте ашып жаздық. Бұл Шахаң не айтса да, не істесе де, халқы құба-құп екен. «Ұлы ақын, ұлттың Ұлы Тұлғасы...» Қай жерде қандай сорақының шетін шығарса да, кім туралы, не туралы қаншама парықсыз, тіпті, жалалы, былғаныш сөз айтса да, сонікі жөн. Айрықша шектен шығып кеткенде, «Ұлы ақынымыздың мұнысы қалай...» – деген жасқаншақ бір ауыз сөзбен шектеледі. Көбіне, олай емес, олай айтқан жоқ деп қорғап жатады. Ең аяғы, арғы-бергі қазақ әдебиетін тұтастай теріске шығарған, Абай мен Әуезовтен бастап түгел сөккен сауатсыз, түйсіксіз лепесінің өзі зиялы қауым тарабынан айтарлықтай реніш тудырмады. Асып кеткенде, ұлы ақынымыздың бұл сөзі артықтау болды деп жалтақтаумен тыныпты. Мың жылдық қазақ әдебиетінің аспанында Шаханов бірінші ғана емес, жападан жалғыз нұрланып тұруы шарт сияқты. Енді міне, бағзыдан қалыптасқан, бірақ жалпы жұрт мән бермеген жалақорлық кейпі жаппай жарияға жетті. Алаш азаматының үстінен тікелей донос – жауапқа тарту керек, түрмеге тығу керек. Соның өзінде ешкім ашып айтып, айыптап отырған жоқ. Небәрі: «Ұлы ақынымызға не болған!!...» Айттық, біз бастан өткерген, соңғы жиырма жылда кеңінен қолданылып келген жалақорлық ғадет. Сіз енді ғана шет жағасын аңдап отырсыз. Бұл соңғы ғарызнама қалай аяқталса да, Шахаң шаң жуытпайды. Күні ертең ойнақтап шыға бермек.

Яғни, бұдан бұрынғы, осы жолғы, алдыңғы, кейінгі барлық сөзіміз – бос далбаса. Шахаң – қазақтың тұрыпты, адамзат тарихындағы алып тұлға. Ол... ол – Ұлы Ақын, теңдесі жоқ Қайраткер, мың жылда бір туатын Ерекше Тұлға... Дәп осы арада ойланып қалдық. Арғы бет, бергі жақтағы

бар қазақтың ұранына айналған осы бір сөз... ақиқат шындық тәрізді. Шынында, мың жылды білмеймін, осы өзіміз өткерген соңғы қырық-елу жылда... біз ғана емес, жер әлемде осы Шахаң сияқты ерекше жан болды ма екен? Болмапты. Өткенді қайталап айтсақ, не ақыл жоқ, не білім жоқ, не түйсік және тағы бірденесі жоқ... шалағай өлеңші, дүмбілез саясаткер... жұрт алдында екі ауыз сөздің басын құрай алмайтын, ыбылжыған борбас ынжық... Сөйте тұра, «Ұлттың Ұлы Тұлғасы», «Адамзаттың Алыбы», «Қазақтың Қорғаны», жалпы жұрттың Мақтанышы...

Уһ... Болдық. Ендігі сөзде мән жоқ. Бұрнағы бар лепесіміз текке кетіпті. Әйтеуір бір алданыш – «Шахан-нама» – «Жахан-нама» хикаясы осымен біржола тәмам. Тыным таппасақ та, әжептәуір жеңілейіп қалдық. «Баяғы ақкөңіл қазақ «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» – деген. Бұрнағы «Ғажайып ғұмырбаян» бәрін де айқындап берсе керек еді. Жалпы жұртымыз, оның ішінде әсіресе Шахаңның жақын төңірегі қисапсыз мадақ ретінде қабыл алыпты. Енді амал жоқ, тағы да біраз малшылап, бұл жолы ымсыз, ашық айтуға тура келген. Осыдан бір, әлде екі жыл бұрын шетін шығарып қалған «Шахан-наманы» түйіндемей болмапты. Міне, бар қоқыстан құтылдық, алда бұдан гөрі мәндірек, басқа бір жазулар тұр...

19.VII.2019
Күміс Бұлақ кенті, АҚШ.